



Титаникті сақтандыру

Сабақтың негізгі мазмұны

Бұл фильмде 1912 жылы апатқа ұшырап, мыңдаған адамның өмірін қиған Титаник алып жолаушылар лайнерінің сақтандыру ісімен айналысқан сақтандыру компаниясы туралы айтылады.

Сақтандыру төлемінің есептелуі нысанның үш құрамдас бөлігіне байланысты жүргізілді. Олар: сақтандырылған тауар құны, наразылық ықтималдығы және жоғалту қаупі. Осы құрамдас бөліктерге әсер ететін әртүрлі факторлар әсері экранда көрсетілген.



Негізгі нәтижелер

Сабақтың негізгі мақсаттары

- Ықтималдық шкаласын түсіну және қолдана білу.
- Ықтималдық тілін “оқиғалар”, “нәтижелер”, “ретсіздік” және “теңдей шынайылық” терминдері арқылы түсіну.
- Алдын-ала жинақталған мәліметтердің ықтималдығын бағалай білу.
- Ақшамен есептеулер жүргізе білу.

Ұсынылатын жаттығулар

- Шынайылық деңгейіне сәйкес күнделікті оқиғаларды ықтималдық шкаласына орналастырыңыз.
- Қауіпке ұшырау мүмкіндігі, ықтималдық және жоғалту қаупіне байланысты сақтандыру төлемінің мөлшеріне болжам жасаңыз.
- Нысанның сақтандырылуын орташа қызмет ету мерзіміне байланысты есептелетін алмастыру құнына сәйкес бағалаңыз.


Қосымша нәтижелер

Сабақтың негізгі мақсаттары

- Сақтандыру тұрғысынан қарағанда, тәуекелділік жоғалту ықтималдығын сипаттайтынын түсіне білу.
- Тәуекелділікті бағалаудағы оқиғалар арасындағы байланыс маңызын түсіне білу.

Ұсынылатын жаттығулар

- Орташа отбасының әдеттегі сақтандыру шығынын қарастырып, оның тәуекелділікке қатысты қандай мағына беретінін түсіндіріңіз.
- Жаңа заман тарихындағы ірі апаттарды сақтандыру тұрғысынан бағалаңыз.



Титаниктің потенциалды сақтандырушылары сәйкес үстемеақыны ұсынарда көптеген факторларды есепке алған болар еді.

Ұқсас фильмдер



Сабақ жоспарына дейін қолдану:

Ықтималдық: Негізсіз қорқыныштар

Бұл фильм оқиға ықтималдығының біздің қорқыныштарымызға қаншалықты әсер ететіні туралы талқылайды.

Сабақ жоспарынан кейін қолдану:

Маймылдар Шекспирше жазуы мүмкін бе?

Бұл фильмде маймылға баспа машинасын бергенде шыққан қызықты нәтижелер туралы айтылады.

Коэффициенттер сізге қарсы

Бұл фильмде ат бәйгесінде ықтималдықтың қалай есептелетіндігі және оның қаншалықты жиі ойыншыға қарсы қолданылатындығы қарастырылады.

Карта санаушы

Бұл фильмде ешнәрсеге қарамастан карта ойынында қалай жеңіске жетуге болатындығы туралы айтылады.

Топтағы адамдарды санау

Бұл фильм бақыланатын жиіліктердің үлкен топ ішіндегі адамдар санын анықтауда қалай қолданылатындығын сипаттайды.

Сабақ жоспары

Кіріспе

Оқушылардан сұраңыз: Сендерде ұялы телефон немесе сол сияқты электрондық құрылғы бар ма? Содан соң олардан сақтандырудың сатып алынған тауардың қандай бөлігін жабатынын сұраңыз. Телефон мен сақтандыруға төленген ақша құнын есептеп, оқушыларға сақтандырудың қаншалықты маңызды екенін анықтауды тапсырыңыз.

Фильм көрсету



Титаникті сақтандыру

Негізгі жаттығулар

Негізгі деңгей

Ықтималдық шкаласын мүмкінсіздіктен (0) айқындылыққа (1) дейін санап, оқиғалардың шкала бойындағы әртүрлі орналасуының мысалдарын келтіріңіз. Әрі қарай оқушылардан сұраңыз: олардың күнделікті кездестіретін тәуекелділіктерінің деңгейі қандай және қайсысы үшін көбірек алаңдайсыз? Оқиғалар тізімін жасап, оқушыларға оларды ықтималдық шкаласы бойымен орналастыруды тапсырыңыз. Нәтижелерді салыстырып, талқылаңыз. Дәл осы әрекетті оқушылардың қаржылық шығындарына орындаңыз (мысалы, ұялы телефон жоғалту, әмиян жоғалту немесе велосипедтің ұрлануы). Оқушыларға әрбір оқиға үшін қатерге ұшырау мен қауіптілік деңгейін бағалауды тапсырыңыз. Оқушылар осы тәуекелділіктен сақтандыруды талап ете алу үшін, олардың сақтандыру төлемдерін жетілдіріңіз.

Негізгі жаттығулар жалғасы ...

Тереңдетілген деңгей

Жойқын дауыл немесе мұнай төгілуі сияқты ірі апат туралы айтып беріңіз. Оқушыларға берілген мәліметтер бойынша шығынның жалпы құны мен оқиға жиілігін анықтауды тапсырыңыз. Осылайша, осындай апаттардан қорғану үшін сақтандыру компанияларының жылына талап ететін сақтандыру төлемінің құнын есептеңіз. Алдын-ала сақтандырулардың принциптерін түсіндіріп, оқушылардың сақтандырушылардың осындай апаттарда қалай әрекет ететіні туралы ойларын біліңіз. АҚШ және Жапония сақтандырушылары үшін бір-бірін сақтандырудың неліктен маңызды екенін сұраңыз. Сақтандырушыларда болуы мүмкін келісілмеген оқиғалар маңызын түсіндіріңіз. Ақырында, оқушылардан 2008 жылғы қаржы дағдарысының дүние жүзі экономикасына неліктен қатты соққы болғандығы жөнінде сұраңыз.

Қосымша жаттығулар

Оқушыларға мынадай ойын ойнатыңыз: ойын барысында кейбірі сақтандырушы, ал қалғандары тұтынушы релін сомдайды. Оқушылардың әдетте мектепте шығаратын қаржылық шығынын есептеңіз. Сақтандырушыларға өз тұтынушыларынан мектептегі шығындарының құны мен жиілігі туралы сұрастыруды тапсырыңыз. Содан соң сақтандырушылар белгіленген төлемдері бар нақты тәуекелділіктерге ғана сақтандыруларды ұсынуы тиіс. Сақтандырушылардың қайсысы сақтандыруларды сатудан (шартты) көп пайда тапқандығын анықтаңыз.

Міндетті емес қосымша тапсырмалар

Оқушыларға мемлекеттік статистикада көрсетілгендер бойынша үй шаруашылығындағы шығындарды қарастырып, бір жыл ішінде бір отбасының әртүрлі тауарларды сақтандыруға шығаратын шығынын есептеуді тапсырыңыз. Автокөлікті, шаруашылықты, денсаулықты сақтау мен тауарларды жаңалауға қанша қаражат кететінін салыстырып, нәтижелерді талқылаңыз. Адамдар үй жануарларын сақтандыруға жылына қанша қаражат жұмсайды?



Сақтандыру компаниялары Титаник пен оның жүгінің өзіне 10 миллион доллар төледі.
Бүгінде бұл сома 200 миллион долларға тең.